

А.А. Маймурунова, э.ғ.м, аға оқытушы¹
З.Т. Ауезова, г.ғ.к, доцент¹
З.К. Есымханова, э.ғ.к, асс. профессор²
Б.С. Толысбаев, э.ғ.д, профессор³
«Esil University» мекемесі¹
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
Тұран-Астана университеті²
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті³
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: akkma@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МОНОҚАЛАЛАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Моноқалаларды инновациялық жаңғыртуды көптеген зерттеушілер олардың тиімді дамуын қамтамасыз етудің неғұрлым маңызды факторы ретінде қарастырады. Алайда, аталмыш аумақтардың дамуын басқарудың ерекшеліктеріне арналған зерттеу жұмыстарында олардың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін инновациялық әлеуетін бағалау және басқару мәселелері толық көлемде ашылмаған. Моноқалалардың инновациялық әлеуетін бағалау және соған байланысты оларды жіктеу үлкен теориялық және тәжірибелік маңызға ие.

Зерттеу мақсаты моноқалалардың инновациялық әлеуетін бағалаудың авторлық әдістемесін негізін қалаған маңызды критерийлер мен көрсеткіштерді анықтау және жүйелеу болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін бірқатар міндеттер айқындалды: аумақтардың инновациялық әлеуетін анықтаудың қолданыстағы үлгілері мен әдістемелеріне кең шолу жүргізілді; осы шолудың нәтижелері бойынша инновациялық әлеуетін бағалаудың бірқатар индикаторлары анықталды, олардың негізінде зерттеу нысаны болып табылатын моноқалаларының инновациялық бағалау әдістемесі құрастырылды.

Зерттеудің теориялық-әдістемелік базасын моноқалалардың даму мәселелерін зерттеу саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін ұсынған ғалымдардың еңбектері құрады. Талдау жүргізу кезінде экономикалық және салыстырмалы талдау мен синтездің жалпы ғылыми әдістері, жүйелік тәсіл қолданылды.

Мақалада жүргізілген зерттеу нәтижесі моноқалалардың инновациялық даму деңгейін бағалау кезінде қолданылуы мүмкін. Және де мақаланың тәжірибелік маңыздылығы ретінде зерттеу нәтижелерінің мемлекеттік моноқалаларды инновациялық дамыту тұжырымдамасын әзірлеу және мақсатты салалық бағдарламаларды іске асыру кезінде пайдалана алуын атап айтуға болады. Сондай-ақ оларды ҚР моноқалаларын даму бағдарламалары мен стратегияларын әзірлеу кезінде өңірлік және жергілікті билік органдарының қызметінде пайдалану мүмкін.

Кілт сөздер: моноқала, инновациялық даму, инновациялық әлеует, инвестициялық тартымдылық, инновациялық даму факторы, аумақтың бәсекеге қабілеттілігі, даму сценарийі, әдістеме, бағалау, монобейінділік

Ключевые слова: моногород, инновационное развитие, инновационный потенциал, инвестиционная привлекательность, факторы инновационного развития, конкурентоспособность территории, сценарий развития, методология, оценка, монопрофильность,

Keywords: monotown, innovative development, innovative potential, investment attractiveness, factors of innovative development, competitiveness of the territory, development scenario, methodology, evaluation, mono - profile

Кіріспе. Инновациялық әлеует инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті материалдық, қаржылық, зияткерлік, ғылыми-техникалық және табиғи ресурстарды қоса алғанда, әртүрлі ресурстардың жиынтығын білдіреді. Ағымдағы мәселелердің өткірлігін және мо-

ноқалаларды дамытудың инновациялық әлеуеті мен болашағын бағалауды ескере отырып, мемлекеттік қолдау шаралары және одан әрі дамыту сценарийін таңдау айқындалатын болады. Инновациялық әлеуеттің бар-жоқтығына, оның қаншалықты іске асырылатынына байланысты

моноқаланы дамытуды мемлекеттік реттеудің алгоритмдері саралануы тиіс. Осылайша, көптеген авторлар инновациялық даму бағытын анықтаудың және қолданыстағы инновациялық бағдарламаны іске асыру немесе инновациялық бағдарламаға өзгерістер енгізу қажеттілігін анықтау үшін моноқалалардың инновациялық әлеуетін бағалаудың маңыздылығын атап өтеді. Инновациялық стратегияны таңдау және іске асыру жөніндегі басқарушылық шешімдер инновациялық әлеуеттің жағдайына байланысты, сол себепті оны кешенді бағалау қажет.

Зерттеу мақсаты. Аталмыш мақала шеңберінде моноқалалардың инновациялық деңгейін бағалаудың қолданыстағы әдістері мен әдістемелеріне талдау жүргізу, сондай-ақ оны анықтаудың негізгі критерийлері мен көрсеткіштерін жүйелеу арқылы авторлық әдістеме құрастыру. Әдістеме негізінде Қарағанды облысы моноқалаларының инновациялық бағалау жүргізу.

Зерттеу әдістері. Аталған зерттеу мынадай сұрақтарға жауап беруге бағытталған: моноқалалардың инновациялық әлеуеті мен даму деңгейін бағалаудың қазіргі заманғы қандай әдістері мен әдістемелері бар және оларды қазақстандық моноқалалардың дамуын қалай бейімдеу керек; аумақтың инновациялық даму деңгейі мен инновациялық әлеуетін қандай ресустар кешені қалыптастырады және оған факторлар әсер етеді. Зерттеу моноқалалардың тұрақты дамуын қатысы зерттеу саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін көрсететін ғылыми еңбектерге негізделген. Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін экономикалық және салыстырмалы талдау мен синтездің жалпы ғылыми әдістері, жүйелі тәсіл қолданылды, оларды қолдану моноқалалардың инновациялық әлеуетін бағалау әдістемесін қалыптастырудың ғылыми тәсілдерінің жиынтығын кешенді және жүйелі түрде жалпылауға мүмкіндік беретін моноқалалардың инновациялық әлеуетін бағалау бойынша қолданыстағы әдістер мен әдістемелерге шолу жүргізілді, қазақстандық моноқалаларында дамытуда жекелеген элементтерді қолдану мүмкіндіктерін анықтау мақсатында ұқсас зерттеулер жүргізу бойынша шетелдік тәжірибеге талдау жүзеге асырылды.

Әдебиеттік шолу. Қаланың инновациялық әлеуетін қалыптастыру және іске асыру мәселесіне көптеген ғалымдар жүгінді. Алайда моноқалалардың инновациялық дамуын баға-

лау әдістемелері жеткіліксіз. Дегенмен аталмыш бағытта қадамдар жасаған ресейлік Ю.Г. Тюрина, А.И. Лыткин, Г.В. Кутергин, А.В. Лапин сияқты ғалымдардың еңбектерінде кездеседі [1-3]. Қазіргі уақытта моноқалалардың инновациялық әлеуеттің бағалаудың жалпыға бірдей танылған әдістемесі жоқ. Мұндай зерттеулердегі негізгі мәселесі - экономикадағы инновацияның дамуына әсер ететін және инновациялық үдерісті дәл сипаттайтын көрсеткіштер мен индикаторларды таңдау. Аумақтың (аймақ, қала, моноқала) инновациялық әлеуетінің деңгейін анықтаудың бірыңғай тәсілі мен жүйесі бүгінгі күні жоқ екенін тағы да атап өту қажет. Қазіргі уақытта ең көп таралған әдістерге қаланың инновациялық әлеуетін сараптамалық бағалау әдісі және интегралды индикаторды қолдана отырып, сараптамалық бағалау әдісі және т.б. Сонымен қатар, кейбір ғалымдар инновациялық белсенділік пен инновациялық сезімталдық аясындағы көрсеткіштер жүйесіне негізделген инновациялық әлеуетті рейтингтік бағалауды сенімді әдістеме ретінде қарастырады. Дегенмен аталмыш әдістер аймақтардың немесе ірі қалаларды бағалауға бағытталғандықтан, өзіндік даму ерекшеліктері бар моноқалаларға толыққанды келе бермейді.

Негізгі бөлім (талдау, нәтиже талқылау). Бағалау көрсеткіштерін таңдаудың негізгі шарты «ҚР өңірлерін дамытудың 2025 жылға дейінгі қолданыстағы бағдарламасында» және «Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды сызбасында» айқындалған моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамыту перспективалылығының базалық критерийлерін есепке алу болып табылады [4]. Моноқалалардың инновациялық әлеуетінің даму деңгейін бағалау және моноқалалардың үлгілерін іске асыру тетіктерін таңдауды анықтау үшін төмендегі өлшемдер мен көрсеткіштер жүйесін қалыптастырамыз:

- монобейінділік дәрежесі;
- моноқалалардың бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері;
- инвестициялық тартымдылықтың нысаналы индикаторлары.

Монобейінділік деңгейі моноқаланың инновациялық дамуына әсер ететін экономикалық факторлардың бірі болып табылады. Монобейінділік дәрежесін анықтау үшін И.В. Манаеваның бұрын әзірлеген әдістемесін

Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

қолдануды ұсынамыз [5,6]. Монобейінділікті бағалау әдістемесі, сондай-ақ моноқалалардың экономиканы әртараптандыру деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

$$I_m = 0,5ДГП + 0,5ДЗП$$

мұнда:

I_m – монобейінділік индексі;

ҚқӨҮ – жалпы қалалық өндіріс көлеміндегі қала құраушы кәсіпорынның үлесі, %;

ҚқЖқҮ – қала құраушы кәсіпорында жұмыспен қамтылғандардың үлесі, %.

Бұл индекс аумақтың монобейінділік дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді: 0-20 – өте төмен; 20-40 – төмен; 40-50 – орташа деңгейден төмен; 50-80 – орташа деңгейден жоғары; 80-100 – жоғары.

Моноқаланың бәсекеге қабілеттілігі инвесторлар мен халық, кадрлар үшін тартымдылықтың негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Географиялық, табиғи, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескеретін қалалардың болашағы бар және бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануы бәсекелестік артықшылықтарды одан әрі дамыту және қалалардың мамандануын тереңдету үшін негіз болуға тиіс.

Моноқалаларға қатысты моноқалалардың бәсекеге қабілеттілігін бағалауға қатысты жұмыстардың айқын жеткіліксіздігі сезіледі, сондықтан қалалар мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін бағалау саласындағы қолда бар атқарымдарға сүйенеміз [7]. Бәсекеге қабілеттілікті бағалауды әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми жұмыстарды зерттеу нәти-

жесінде авторлардың көпшілігінің бәсекеге қабілеттілік индексі салыстырмалы көрсеткіш болып табылатынын мойындауы ретінде нәтижелер анықталды, демек, моноқалалардың көлеміне және халық санына байланысты болмауы тиіс.

Сондықтан оны есептеу кезінде қолданылатын нақты жан басына шаққанда, даму қарқыны, үлестік бағалау көрсеткіштері арқылы салыстырмалы түрде көрсетілуі керек. Моноқаланың бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін 1-кестеде ұсынылған көрсеткіштер жиынтығы қалыптастырылған. Деректердің бір бөлігін ресми статистикадан алуға болады, қалғандары олардың негізінде есептелінетіні белгілі. Келесі кезеңде әдістемелік мәселені шешу қажет: әр түрлі көрсеткіштерді салыстыру мүмкіндігі үшін табиғи көрсеткіштерді өлшемсіз нысанға ауыстыру.

Бұнда ең көп таралған әдісті қолдану ұсынылады, оған сәйкес жеке көрсеткіштер бойынша бәсекеге қабілеттілік коэффициенттері келесідей есептеледі:

$$X_i = \frac{a_i - a_{min}}{a_{max} - a_{min}}$$

мұнда:

X_i – i -ші моноқалаға арналған көрсеткіштің мәні;

a_{min} – моноқалалар арасында ең төменгі мән;

a_{max} – моноқалалар арасындағы ең жоғарғы мән.

Бәсекеге қабілеттіліктің төрт индексын құрамыз, олардың әрқайсысы оның құрамына кіретін стандартталған көрсеткіштердің арифметикалық орташа мәнін табу арқылы есептеледі.

1-кесте

Моноқалалардың бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері*

Бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері	Белгісі
1	2
1. «Экономикалық көрсеткіштер»	Е
1. Жан басына шаққанда өндірілген өнім көлемі	e_1
2. Халықтың жан басына шаққандағы негізгі капиталға инвестициялар	e_2
3. Қызмет көрсету саласындағы негізгі капиталға инвестициялардың үлесі	e_3
4. Жан басына шаққандағы шетелдік инвестициялар	e_4
5. Табысты кәсіпорындардың үлесі	e_5
6. Халықтың жан басына шаққандағы бөлшек сауда айналымы	e_6
2. «Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер»	АЕ
1. Халықтың жалпы санындағы еңбекке қабілетті халықтың үлесі	ae_1
2. Қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылған халықтың үлесі	ae_2

1	2
3. Жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санындағы ШОБ-та жұмыспен қамтылғандардың үлесі	ae_3
4. Орташа айлық жалақыдағы ең төмен күнкөріс деңгейінің үлесі	ae_4
3. «Демографиялық көрсеткіштер»	D
1. Көші-қон коэффициенті	d_1
2. Табиғи өсім коэффициенті	d_2
4. «Ғылыми-зерттеу ортасы»	G
1. Зерттеулер мен әзірлемелерді орындайтын ұйымдар саны	gi_1
2. Инновациялық өнім шығаратын ұйымдардың үлесі	gi_2

* Авторлармен құрастырылған

Осылайша, моноқаланың ерекшеліктерін статистикалық есепке алудың қалыптасқан жүйесі бәсекеге қабілеттілік деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Моноқаланың бәсекеге қабілеттілігінің интегралдық индексі тіршілік әрекетінің бөлінген салаларының жеке индекстері негізінде қалыптасады [8].

$$K_m = \frac{E + AE + D + G}{4}$$

Алынған нәтижелерді ескере отырып, моноқалаларды бәсекеге қабілеттілік деңгейі бойынша топтастырамыз: 0-ден 1-ге дейін – төмен, 1,0-ден 1,5-ке дейін – орташа, 1,5-тен 2-ге дейін – жоғары.

Моноқалалардың инновациялық әлеуетін жандандыру инвестициялар тарту мәселесін шешуді талап ететіні анық. Инвестициялық тартымдылық индикаторларын анықтау үшін инвестициялық тартымдылыққа әсер ететін факторларды белгілеуді ұсынамыз: экономикалық әлеует, инфрақұрылымдық әлеует, табиғи әлеует, тұтынушылық әлеует, еңбек әлеуеті, ғылыми-инновациялық әлеует [9].

Инвестициялық стратегияның болуымен қатар, моноқаланың экономикалық әлеуеті қаланың инновациялық дамуын қамтамасыз ету үшін елеулі мәнге ие. Инфрақұрылымның тозуының жоғары деңгейі инновациялық, жаңа технологияларды енгізуге тікелей кедергі келтірмесе де, алайда дамуға қажетті қаржы ресурстарының көлемінің өсуіне әкелуі мүмкін.

Еңбек әлеуеті инновациялық дамудың қозғаушы күші болып табылады, білім деңгейі мен экономикалық белсенділігі олардың ақылды инновациялық технологияларға деген иммунитетін анықтайды және оларға деген сұранысты қалыптастыруға септігін тигізеді.

Қаланың инновациялық дамуы үшін тиісті бизнес инфрақұрылымның, ғылыми-техникалық және білім беру базасының болуымен және сапасымен айқындалатын инновацияларды тұтыну ғана емес, сонымен қатар өндіру қабілетінен тұратын ғылыми-инновациялық әлеует маңызды.

Белгіленген әлеуетті анықтау үшін 2025 жылға дейінгі Өңірлерді дамыту бағдарламасында белгіленген моноқалалардың перспективалық критерийлерін ескере отырып, моноқалаларға бейімделе отырып, И.С. Глебова және Д.В. Роднянскийдің әдістемесін негізге аламыз. Моноқалалардың инвестициялық тартымдылыққа әсер ететін факторлардан тұратын алты субтипін анықтап, олардың құрамындағы жеке индикаторларды айқындаймыз [10].

Сондай-ақ, статикалық көрсеткіштерден басқа динамикалық көрсеткіштерді, атап айтқанда соңғы бес жылдағы орташа өсу қарқынын пайдалану ұсынылады. Бұл біріншіден, көрсеткіштердің күрт ауытқуы деңгейін; екіншіден, өзгерістердің пайда болған үрдістерін тек өз көрсеткіштеріне ғана емес, басқа қалаларға да қатысты бағалауға; үшіншіден, олардың одан әрі өзгеруін болжауға мүмкіндік береді.

2-кесте

Моноқалаларының инвестициялық тартымдылығын дамытудың нысаналы индикаторлары*

Экономикалық әлеует	
1	2
Өнеркәсіптік өндірістің жалпы өңірлік көлеміндегі моноқаланың өнеркәсіптік өндірісі көлемінің үлесі, %	P_1

Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

1	2
Соңғы 5 жылда қалада өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсуі, %	P ₁
Соңғы 5 жылда шағын кәсіпорындар санының өсуі, %	P ₃
Қалада негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсуі, %	P ₄
Еңбек әлеуеті	
Экономикалық белсенді халық санының өсуі	P ₁
ЖОО мен колледждердің болуы	P ₂
Тұтынушылық әлеует	
Халықтың жалақы деңгейі (ел бойынша орташадан жоғары-186,8 мың теңге)	P ₁
Бөлшек сауда кәсіпорындары айналымының өсуі, %	P ₂
Инфраструктуралық әлеует	
Қаланың ірі көлік дәліздерінің қиылысында орналасуы	P ₁
Қалалық атқарымды аудан құрамына кіру	P ₂
Агломерация құрамында қаланың облыстық немесе Республикалық маңызы бар ірі қалаға тікелей жақын орналасуы	P ₃
Орташа және қанағаттанарлық жағдайдағы автомобиль жолдарының үлесі, %	P ₄
Соңғы бес жылда тұрғын үй-жайларды пайдалануға берудің өсуі, %	P ₅
Интернет желісіне қолжетімділігі бар кәсіпорындардың үлесі	P ₆
Қаржы әлеуеті	
Соңғы 5 жыл ішінде салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және бюджеттен тыс қорларға аударымдардың өсуі	P ₁
Соңғы 5 жыл өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кірістің өсуі	P ₂
Табиғи әлеует	
Қалада бірегей әлеуеттің (табиғи-ресурстық, географиялық, тарихи) болуы	P ₁
Ғылыми-инновациялық әлеует	
Зерттелген ұйымдардың жалпы санында технологиялық инновацияларды жүзеге асыратын ұйымдардың үлес салмағы, %	P ₁
Зерттелген ұйымдардың жалпы санында ұйымдастырушылық инновацияларды жүзеге асыратын ұйымдардың үлес салмағы, %	P ₂
Зерттеулер мен әзірлемелерді орындайтын ұйымдар үлесі, %	P ₃

* Авторлармен құрастырылған

Моноқаланың жалпы инвестициялық тар-
тымдылық оларды сипаттайтын бастапқы көр-
сеткіштер негізінде есептелетін жеке көрсет-
кіштерден құралады. Әр көрсеткіштің сандық
мәнін есептеу келесі формула бойынша жүзеге
асырылады:

$$P = \frac{P_c}{P_{max}} \cdot 100\%$$

мұнда:

P – көрсеткіштің пайыздық көрінісі;

P_c – моноқаланың бастапқы көрсеткішінен
нақты мәні;

P_{max} – моноқалалар жиынтығының көрсет-
кішінен ең жоғарғы мәні.

Әрбір көрсеткіштің пайыздық көрінісін
есептегеннен кейін алынған мәндер жинақтала-
ды және осы жеке потенциалдағы көрсеткіштер
санына бөлінеді, содан кейін формулаға сәйкес
сараптамалық бағалау бойынша осы әлеуеттің
салмағына тең үлес алынады:

$$I = \frac{P_{im}}{n_i} \cdot e_i$$

мұнда:

I – моноқаланың инвестициялық әлеуеті m;

P_{im} – I моноқаладағы жеке әлеует m;

n_i – әлеуеттегі көрсеткіштер саны i;

e_i – сараптамалық бағалауға сәйкес i әлеу-
еттің салмағы.

Жеке индикаторлардың салмағын анықтау
үшін «Эксперт РА» сараптамалық бағалау әдіс-
темесінің деректері пайдаланылды, ол бойын-
ша өндірістік әлеуетке – 0,7; еңбек әлеуетіне –
0,7; тұтынушылық әлеуетіне – 0,65; инфра-
құрылымдық әлеуетіне – 0,6; қаржылық –
0,6; табиғи әлеуетіне – 0,35; ғылыми-зерттеу
әлеуетіне – 0,4 [11-12] салмақ беріледі.

Алынған нәтижелерді ескере отырып, мо-
ноқалаларды инвестициялық әлеует деңгейі
бойынша топтастырамыз: 0-ден 150-ге дейін–

төмен, 150-ден 250-ге дейін-орташа, 250-ден 350-ге дейін-жоғары.

Зерттеу нәтижесінде моноқалалардың инновациялық дамуының үш үлгісі қалыптастырылды: жоғары, орта және төмен инновациялық

даму әлеуеті бар моноқалалар. Аталмыш әдістемеге сәйкес моноқалаларының инновациялық әлеуетін бағалау нәтижелері бойынша олардың дамуының қолайлы үлгілері белгіленді және оларды іске асыру тетігі ұсынылады.



1-сурет. **Моноқалалардың инновациялық даму үлгілері***

* Авторлармен құрастырылған

Қорытынды. Аталмыш мақала қазақстандық моноқалалардың инновациялық әлеуетін бағалау үшін пайдаланылуы мүмкін көрсеткіштер мен параметрлер тізбесін айқындауға бағытталған. Осы мақсатта осы бағыттағы инновациялық әлеуетті бағалау әдістерінің аспектілері мен көрсеткіштері бойынша әдебиеттерге шолу жүргізілді. Жүргізілген талдау инновациялық әлеуетті айқындайтын факторлардың тұтас жиынтығының маңыздылығын анықтауға мүмкіндік берді. Осы факторларды бағалау моноқалалардың инновациялық дамуы саясатының дұрыс бағытын анықтауға және соны қамтамасыз етуге барлық мүдделі тараптардың тиімді қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Моноқалалардың инновациялық әлеуеті олардың экономикасын жаңғыртудың қажетті шарты. Моноқалаларды инновациялық дамуының тетігін қамтамасыз ететін құралдар олардың жұмыс істеу жағдайларына бейімделуі тиіс. Бұл үшін моноқалаларды инновациялық қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруда аумақтардың ерекшелігін және әрбір моноқаланың ресурстық әлеуетін ескеруге мүмкіндік беретін сараланған тәсілді пайдаланған орынды. Таңдалған әдістеме сәйкес моноқалаларды инновациялық дамуын іске асыру тетіктерін әзірлеу оларды инновациялық әлеует деңгейі бойынша жіктеу негізінде жүргізілетін болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тюрина Ю.Г. Механизмы инновационного развития моногородов в современных условиях // Вопросы инновационной экономики. – 2019. – № 1. – С. 219-237.
2. Лыткин А.И. Направления инновационного развития моногорода // Экономика, статистика и информатика. Вестник УМО. – 2012. – № 1. – С. 44-46.
3. Кутергина Г.В., Лапин А.В. Управление развитием моногородов: отечественные и зарубежные подходы к моделированию // Вестник Пермского университета. – 2015. – Вып. 3(26). – С. 69-77.
4. Паспорт программы развития регионов РК на 2020–2025 годы утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 990 [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000990>
5. Манаева И.В. К вопросу о разработке типологии моногородов РФ [Текст] / И.В. Манаева, С.Н. Растворцева // Актуальные проблемы развития национальной и региональной экономик : сборник научных трудов, подготовленных на основе материалов V Междунар. науч.-практ. конф. для студ., маг., асп. и мол. ученых (Белгород, 24 апреля 2014 г.) / под науч. ред. д-ра пед. наук, проф. Е. Н. Камышанченко, к-та экон. наук, доц. Ю. Л. Растопчиной. – Белгород: ООО «Эпицентр», 2014. – С. 90-94.

Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

6. Манаева И. В. Методический инструментарий оценки конкурентоспособности моногорода / И.В. Манаева С.Н. Растворцева // Региональная экономика: теория и практика. – 2016. – № 5 (428). – С. 23-39.
7. Сепик Д. Индикаторы конкурентоспособности регионов: европейский подход // Регион: экономика и социология. М., 2005. № 2. Сепик Д. Конкурентоспособность регионов некоторые аспекты. – 2005. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.recep.ru>
8. Levy B. Town born: the political economy of New England from its founding to the Revolution [Text] / B. Levy, 2009. – 354 p.
9. Шваков Е.Е. О формах и инструментах стимулирования инвестиционной деятельности в моногородах / Е.Е. Шваков, Д.Е. Шваков // Развитие управленческого консалтинга в регионах: сборник научных статей по материалам II Международной научно-практической конференции. – Барнаул : Изд-во Алт. ун-та, 2015. – С. 49-53
10. Глебова, И. С. Анализ и оценка инвестиционного потенциала субъектов Приволжского федерального округа Российской Федерации / С. Глебова, Д. В. Роднянский // Фундаментальные исследования. – 2014. – № 11. – С. 2016-2020.
11. Рейтинговое агентство «Эксперт» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.raexpert.ru>
12. Чалдаева Л.А., Скиданова Ю.В. Критериально-методический подход к классификации моногородов: теория и практика. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=25781899>

REFERENCES

1. Tyurina YU.G. Mekhanizmy innovacionnogo razvitiya monogorodov v sovremennyh usloviyah // Voprosy innovacionnoj ekonomiki. – 2019. – № 1. – С. 219-237 [in Russian].
2. Lytkin A.I. Napravleniya innovacionnogo razvitiya monogoroda // Ekonomika, statistika i informatika. Vestnik UMO. – 2012. – № 1. – С. 44-46 [in Russian].
3. Kutergina G.V., Lapin A.V. Upravlenie razvitiem monogorodov: otechestvennye i zarubezhnye podhody k modelirovaniyu // Vestnik Permskogo universiteta. – 2015. – Vyp. 3(26). – С. 69-77 [in Russian].
4. Pasport programmy razvitiya regionov RK na 2020-2025 gody utverzhdena postanovleniem Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 27 dekabrya 2019 goda № 990 [Elektronnyj resurs]. Rezhim dostupa: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000990> [in Russian].
5. Manaeva I.V. K voprosu o razrabotke tipologii monogorodov RF [Tekst] / I.V. Manaeva, S.N. Rastvorceva // Aktual'nye problemy razvitiya nacional'noj i regional'noj ekonomik : sbornik nauchnyh trudov, podgotovlennyh na osnove materialov V Mezhdunar. nauch.-prakt. konf. dlya stud., mag., asp. i mol. uchenyh (Belgorod, 24 aprelya 2014 g.) / pod nauch. red. d-ra ped. nauk, prof. E.N. Kamyshanchenko, k-ta ekon. nauk, doc. YU. L. Rastopchinoj. – Belgorod : ООО «Epicentr», 2014. – С. 90-94. [in Russian].
6. Manaeva I.V. Metodicheskij instrumentarij ocenki konkurentosposobnosti monogoroda / I.V. Manaeva, S.N. Rastvorceva // Regional'naya ekonomika: teoriya i praktika. – 2016. – № 5 (428). – С. 23-39 [in Russian].
7. Sepik D. Indikatory konkurentosposobnosti regionov: evropejskij podhod // Region: ekonomika i sociologiya. М., 2005. № 2. Sepik D. Konkurentosposobnost' regionov nekotorye aspekty. – 2005. [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <http://www.recep.ru> [in Russian].
8. Levy B. Town born: the political economy of New England from its founding to the Revolution [Text] / B. Levy, 2009. – 354 p.
9. SHvakov E.E. O formah i instrumentah stimulirovaniya investicionnoj deyatel'nosti v monogorodah / E.E. SHvakov, D.E. SHvakov // Razvitie upravlencheskogo konsaltinga v regionah : sbornik nauchnyh statej po materialam II Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii. – Barnaul : Izd-vo Alt. un-ta, 2015. – С. 49-53 [in Russian].
10. Glebova I.S. Analiz i ocenka investicionnogo potenciala sub"ektov Privolzhsкого federal'nogo okruga Rossijskoj Federacii / S. Glebova, D.V. Rodnyanskiy // Fundamental'nye issledovaniya. 2014. – № 11. – С. 2016-2020 [in Russian].
11. Rejtingovoe agentstvo «Ekspert» [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <http://www.raexpert.ru> [in Russian].

Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

12. Chaldaeva L.A., Skidanova YU.V. Kriterial'no-metodicheskij podhod k klassifikacii monogorodov: teoriya i praktika [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=25781899> [in Russian]

А.А. Маймурунова, З.К. Есымханова, З.Т. Ауезова, Б.С. Толысбаев

**МЕТОДИКА ОЦЕНКИ ИННОВАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА
МОНОГОРОДОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Аннотация

Инновационная модернизация моногородов рассматривается многими исследователями как наиболее важный фактор обеспечения их эффективного развития. Однако в исследовательских работах, посвященных особенностям управления развитием данных территорий, не в полной мере раскрыты вопросы оценки и управления инновационным потенциалом, обеспечивающим их устойчивое развитие. Большое теоретическое и практическое значение имеет оценка инновационного потенциала моногородов и связанная с этим их классификация.

Целью исследования является выявление и систематизация важнейших критериев и показателей, заложивших основу авторской методики оценки инновационного потенциала моногородов.

Для достижения данной цели определен ряд задач: проведен широкий обзор существующих моделей и методик определения инновационного потенциала территорий; по результатам данного обзора определен ряд индикаторов оценки инновационного потенциала, на основе которых разработана методика инновационной оценки моногородов, являющихся объектами исследования

Теоретико-методическую базу исследования составили труды ученых, представивших результаты фундаментальных и прикладных исследований в области изучения проблем развития моногородов. При проведении анализа использовались общенаучные методы экономического и сравнительного анализа и синтеза, системный подход.

Результаты исследования, проведенного в статье, могут быть использованы при оценке уровня инновационного развития моногородов. Также в качестве практической значимости статьи можно отметить возможность использования результатов исследования при разработке концепции инновационного развития моногородов государства и реализации целевых отраслевых программ. Также они могут быть использованы в деятельности региональных и местных органов власти при разработке программ и стратегий развития моногородов РК.

A. Maimurunova, Z. Esymkhanova, Z. Auezova, B. Tolysbaev

**METHODOLOGY FOR ASSESSING THE INNOVATION POTENTIAL OF
SINGLE-INDUSTRY TOWNS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Annotation

Innovative modernization of monotowns is considered by many researchers as the most important factor in ensuring their effective development. However, in the research papers devoted to the peculiarities of managing the development of these territories, the issues of assessing and managing the innovative potential that ensures their sustainable development are not fully disclosed. Of great theoretical and practical importance is the assessment of the innovative potential of monotowns and their associated classification.

The purpose of the study is to identify and systematize the most important criteria and indicators that laid the foundation for the author's methodology for assessing the innovative potential of monotowns.

To achieve this goal, a number of tasks have been defined: a broad review of existing models and methods for determining the innovative potential of territories has been carried out; based on the results of this review, a number of indicators for assessing innovative potential have been identified, on the basis of which a methodology for innovative assessment of monotowns that are the objects of research has been developed.

The theoretical and methodological basis of the study was the works of scientists who presented the results of fundamental and applied research in the field of studying the problems of the development of monotowns. The analysis used general scientific methods of economic and comparative analysis and synthesis, a systematic approach.

The results of the research conducted in the article can be used to assess the level of innovative development of monotowns. Also, as a practical significance of the article, we can note the possibility of using the results of the study in developing the concept of innovative development of monotowns of the state and the implementation of targeted industry programs. They can also be used in the activities of regional and local authorities in the development of programs and strategies for the development of monotowns of the Republic of Kazakhstan.